PENAL REFORM INTERNATIONAL

PROMOTING THE NELSON MANDELA RULES

Қамауға алынғандармен қарым-қатынастың Біріккен Ұлттар Ұйымының қайта қаралған минималды стандартты ережелері (Нельсон Мандела ережелері)

Қысқаша нұсқаулық

Қамауға алынғандармен қарым-қатынастың Біріккен Ұлттар Ұйымының қайта қаралған минималды стандартты ережелеріне (Нельсон Мандела ережелері) қысқаша нұсқаулық

Бұл жарияланым Азаптауға қарсы Конвенцияға Факультативтік хаттаманың Арнайы Қорының қаржылық қолдауымен дайындалды.

Penal Reform International (Халықаралық түрме реформасы) қандай жағдайда болмасын Азаптауға қарсы Конвенцияға Факультативтік хаттаманың Арнайы Қорының ұстанымын айқындамайтын осы құжаттың мазмұны үшін жеке жауапкершілікті тартады.

UNITED NATIONS
HUMAN RIGHTS
OFFICE OF THE HIGH COMMISSIONER

Жарияланымды еркін түрде жартылай немесе толығымен рецензиялауға, қысқаша мазмұндауға, қайта жаңғыртуға, аударуға болады, тек сатуға немесе коммерциялық мақсатта пайдалануға болмайды. Осы жарияланымның мәтініндегі кез келген өзгертулер Penal Reform International (Халықаралық түрме реформасы) тарапынан мақұлдануы қажет. Жоғарыда көрсетілген әрекеттердің кез келгені Penal Reform International (Халықаралық түрме реформасы) тарапына және осы жарияланымға міндетті түрде сілтеме арқылы жүзеге асуы керек. Сұранысты publications@penalreform.org мекен-жайына жолдау қажет.

Penal Reform International
info@penalreform.org
Twitter: @PenalReformInt
Facebook: @penalreforminternational
www.penalreform.org

2016 жылғы қаңтарда алғаш рет жарияланды
© Penal Reform International 2016

Графикалық дизайн және иллюстрацияларды орындаған Alex Valy.

Қамауға алынғандармен қарым-қатынастың Біріккен Ұлттар Ұйымының қайта қаралған минималды стандартты ережелері (Нельсон Мандела ережелері)

Әлемдегі түрмелерде 10,2 миллионнан астам еркектер, әйелдер және балалар жатыр, ал үштен бір бөлігі соттың болуын күтуде.

Қамауға алынғандармен қарым-қатынастың Біріккен Ұлттар Ұйымының қайта қаралған минималды стандартты ережелері (Нельсон Мандела ережелері) қамаудағылардың құқығын қадағалауды қамтамасыз етуді қоса есептегенде түрме мекемелерін тиісті түрде басқарудың минималды стандарттарын белгілей отырып, БҰҰ-ның Бас Ассамблеясымен 2015 жылғы желтоқсан айында бірауыздан қабылданды.

Нельсон Мандела ережелері жаңа емес, олар 1955 жылғы қамауға алынғандарға қатысты минималды стандартты ережелердің (МСЕ) жаңартылған нұсқасы болып табылады. Ережелердің 1955 жылдан бері түзеу шаралары және адам құқығы саласында пайда болған стандарттарын көрсету үшін негізгі сегіз саласы қайта қаралды.

Қайта қаралған мәтін бойынша келіссөздер сараптамашылардың Үкіметаралық тобының мәжілісінде Кейптаун қаласында, Оңтүстік Африкада, аяқталғандықтан оны өмірінің 27 жылын түрмеде өткізген және қамауға алынғандар құқығы үшін күрескен Оңтүстік Африканың бұрынғы президенті құрметіне «Нельсон Мандела ережелері» деп қайта атауға шешім қабылданады.

Қайта қарау үрдісі

Ережелер неліктен қайта қаралды?

БҰҰ-на мүше мемлекеттер Минималды стандартты ережелер ескіргенін және қабылданған сәтінен бері өткен 60 жыл ішінде адам құқығы мен қылмыстық сот әділдігі саласындағы негізгі өзгертулерді көрсетпейтінін мойындады.

Ережені кім қайта қарастырды?

2010 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының резолюциясы Сарапшылардың халықаралық тобына Ережені қайта қарау мандатын табыстады. Мүше мемлекеттер үрдіс және қайта қарау туралы келісті, ал БҰҰ органдары, үкіметаралық ұйымдар, азаматтық қоғам және ғалымдар осы үрдіске қатысты.

Сарапшылар тобы 2011 жылы кездесті және құрылымы мен көптеген ережелерді өзгертусіз қалдырып, ең ескірген бөлімдер мен ережелерді жаңартып, «нысаналы қайта қарау» деп аталатын шешім қабылдады. Қайта қаралған мәтін одан кейінгі үш мәжілісте талқыланды. Нельсон Мандела ережелерінің мәнді өзгертулері ескеріле отырып, қайта нумерацияланды.

Қайта қарау үрдісі қамауға алынғандар құқығын қорғайтын, сондай-ақ түрме персоналы мен әкімшілігіне сенімді және өзекті нұсқаулар беретін қылмыстық сот әділдігі және адам құқығы саласындағы стандарттарды бір құжатқа біріктірді.

Минималды стандарттарды ережелерді қайта қарау үрдісі туралы қосымша ақпарат алу үшін ҮЕҰ біріккен брифингін www.penalreform.org/resource/joint-ngo-briefing-process-review-standard-minimum-rules сілтемесі бойынша жүктеңіз.



Нельсон Мандела ережелерін түрме мекемесіне түскеннен бастап және одан босатылғанға дейін қолдану

122 ереже түрмелерді басқарудың барлық аспектілерін қамтиды және барлық қамауға алынғандарға – сотты күтіп отырғандарға да немесе сотталғандарға да қатысты келісілген минималды стандарттарды анықтайды.

Негізгі қағидалар

1-5 ережелер келесі негізгі қағидаларды көздейді:

- **Барлық қамауға алынғандарға өздеріне тән абырой мен адам ретіндегі мәнділігі болғандықтан құрметпен қарау қажет.**
- **Азаптау немесе өзге де қатыгездікпен қарауға тыйым салынады.**
- **Дискриминация жібермеу қағидасы бойынша қамауға алынғандардың жеке қажеттілігін ескеру қажет.**
- **Түрмеге қамауға үкімінің мақсаттары басты негізде қоғамды қылмыскерден қорғау және рецидивизм жағдайларын қысқарту болып табылады.**
- **Қамауға алынғандардың, персоналдың, қызмет көрсететін тұлғалардың және келушілердің қауіпсіздігі ең бірінші орында.**

Қызыл жұлдызша * бұл салаға өзгертулер енгізілгенін көрсетеді.

Түрмеге түсу

Орналастыру* [59-ереже]

Бұл ережеде қамауға алынғандар әлеуметтік қайта қалпына келуіне ықпал ету үшін олардың үйлеріне жақын жердегі түрме мекемелеріне орналасуын талап етеді.

Тіркеу* [7,8-ереже]

Әр қамауға алынғандар келіп түскен кезде қамауға алынғандардың жеке істерімен жұмыс жүйесіне отбасы мүшелерінің аты-жөні және мекендеген орны, кез келген көзге көрінетін дене жарақаты және бұның алдындағы дөрекі қаруға шағым секілді ақпараттар жазылуы керек.

Ақпарат* [54,55-ереже]

Түрмеге қабылданған кезде әр қамауға алынғанға түсінікті тілде және тәсілде қолданыстағы түрме мекемесінің ішкі тәртіп ережесіне және заңды кеңестерге қолжеткізудің рұқсатты әдістеріне қатысты жазбаша ақпаратты ұсыну қажет.

Қамауға алынғандардың мүлкі [7,67-ереже]

Қамауға алынғанға тиесілі барлық мүлкі (өзінде ұстауға құқығы жоқ заттар) тізбе жасап, қол қойылып түрме мекемесіне сақтауға тапсырылады. Қамауға алынғанды босату кезінде барлық оған тиесілі мүлкі және ақшасы қалыпты жағдайда қайтарылуы қажет.

Медициналық-санитарлық қызмет көрсету*

[30, 34-ереже]

Дәрігер немесе өзге де білікті мамандар әр қамауға алынғандарды келіп түскеннен соң тез арада медициналық қарауға жіберуі керек. Ереже бұндай алғашқы тексеру медициналық-санитарлық қызмет етуге қажеттілігін анықтау және емдеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдап қана қоймай, сонымен қатар, құжатқа жазылып және құзіретті органдарды хабардар ететін кез келген психологиялық немесе өзге де күйзелістің кез келген белгілерін анықтауды көздейді.

Айрықша қажеттіліктерді сыныптау және қанағаттандыру

Сыныптар бойынша бөлу [11-ереже]

Әр түрлі сыныптағы қамауға алынғандар оларды қорғауды және тиісті жеке күтім беруді қамтамасыз ету мақсатында жеке ұсталуы керек. Бұл сыныпқа ерлер мен әйелдер, сотталған мен сотталмаған қамауға алынғандар, балалар және ересектер жатады.

Сыныптау [89, 93, 94-ереже]

Жеке бағалау қамауға алынғандар өзіне, персоналға немесе өзге қамауға алынғандарға келтіруі мүмкін кез келген қауіптің, сондай-ақ өздері ұшырауы мүмкін қауіптің, олардың айрықша қажеттілігін, жасалуы қажет қайта оңалту шараларын анықтау үшін өте маңызды. Сыныптау жүйесі қамауға алынғандармен жұмыстың жеке әдістерін қолдау үшін бейімделгіш болуы керек.

Айрықша қажеттіліктер* [2,5-ереже]

Түрме әкімшілігі физикалық, психикалық немесе өзге де жетіспеушіліктерімен қамауға алынғандардың түрмедегі өмірге толық және тиімді түрде қолжетімдікті тең құқықты негізде қамтамасыз ету үшін қамауға алынғандарды орналастыру және бейімделуі бойынша барлық саналы шараларды қолдануы қажет. Мұндай шаралар дискриминациялық болып есептелмеуі керек.

Мекеме персоналы



Қауіпсіздік* [1-ереже]

Персоналдың қауіпсіздігі тұрақты негізде қамтамасыз етілуі қажет.

Персоналды жинақтау [74, 78-ереже]

Қызметкерлерді толық жұмыс уақытына мемлекеттік қызметші мәртебесі бар және олардың жақсы тәртібі, олардың жұмысының тиімділігі және оларға жүктелген міндеттерді орындауға физикалық қабілеттігі жағдайында оларды лауазымында сақталуына сенімділік бар арнайы мамандандырылған түрме персоналы ретінде тағайындау қажет. Түрме

персоналын оның жұмысында қолдау үшін психиатрлар, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер және мұғалімдер секілді мамандардың жеткілікті саны болуы керек.

Еңбекақы төлеу [74-ереже]

Еңбекақы төлеу бұл жұмыста қабілетті қызметкерлерді тарту және ұстап тұру есебінен белгіленуі қажет, сондай-ақ осы бұл жұмыстың айрықша қиын жағдайын назарға ала отырып, оларға тиісті жеңілдіктер мен еңбек шартын қамтамасыз ету қажет.

Таңдау [74, 81-ереже]

Түрме мекемесін басқару күрделі міндет болғандықтан түрме әкімшілігі барлық санаттағы персоналды тиянақты таңдау бойынша жұмыс жасауы қажет, өйткені түрме мекемесін тиісті түрде басқару осы қызметкерлердің адал, адамгершілігі, құзіреттілігі және жеке жақсы қасиеттерінің мол болуына байланысты болып табылады. Қамауда отырған әйелдерді қамқорлыққа алу мен бақылауды тек қана әйел жынысты қызметкерлерге жүктеу қажет.

Оқыту* [75, 76-ереже]

Түрме әкімшілігі өз қызметкерлерінің білімін және кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында жұмыстан үзбей оқу курстарын тұрақты түрде ұйымдастыруы қажет. Бұндай курстар өзіне негізделген озық тәжірибелерді қосуы керек және жұмысқа кіріскенге дейін және одан арғы барлық қызметі барысында жүргізілуі керек, сондай-ақ, күш көрсету, белгілі санатты қамауға алынғандармен жұмыс және үрдісті қауіпсіздік тұжырымдамасы секілді тақырыптарды қамтуы керек. Үрдісті қауіпсіздік тұжырымдамасы қамауға алынғандардың болашақтағы реинтеграциясына ықпал етуі үшін адал қарым-қатынаспен және нысаналы қызметпен қызметкерлер мен қамауға алынғандар арасындағы жағымды өзара әрекеттерді үйлестіреді.

Басқару [79, 80-ереже]

Ереже түрме директорларына міндеттер мен біліктілігіне талаптарын анықтайды.

Қамауға алынғандардың жеке істерімен жұмыс тәртібі

Қамауға алынғандардың жеке істерімен жұмыс жүйесі кез келген түрме мекемесінің тиімді жұмысының өмірлік маңызы бар құралы ретінде әрқашан талап етіледі. Қайта қаралған Ережеде жүйе электронды бола алады, сондай-ақ қандай құжаттар қажет, оларға кім қол жеткізе алады және мәліметтерді қалай пайдалану жайында одан арғы нұсқаулар беріледі.

Жүйе* [6, 10-ереже]

Қамауға алудың барлық орындарында қамауға алынғандардың жеке істерімен жұмыстың стандартталған жүйесі болуы керек. Бұндай жүйе мәліметтердің электрондық базасы немесе журнал болуы мүмкін. Жазылатын есепке алу жазбаларына сенімді бақылауды қамтамасыз ету үшін және осы жүйеде бар кез келген ақпаратқа немесе оны өзгертуге санкцияланбаған қолжетімдіктің алдын алу үшін рәсімдер көзделуі керек. Көрсеткіштерді және түрме мекемесінің толтыру үрдісін анықтау үшін мәліметтерді талдау қажет.

Ақпарат* [7-9, 26, 92-ереже]

Әр жеке істе жеке мәліметтер, босату және/немесе ауыстыру күні, сот процесімен байланысты ақпарат, алғашқы бағалау және біліктілік туралы есептер, тәртіптік жаза қолдану туралы ақпарат, өтініштері мен шағымдары секілді ақпарат болуы керек. Барлық қамауға алынғандардың жеке медициналық картасы жеке және құпия сақталуы керек, ал барлық қамауға алынғандарға олардың талабы бойынша олардың медициналық карталарына қолжетімділік ұсыналады.

Қамауға алынғандарды орналастыру

Жеке гигиена [15, 16, 18-21-ереже]

Әр түрме мекемесінде қамауға алынғандар өздерінің адами абыройы мен гигиена талаптарына сай сыртқы түрін сақтай алуы үшін тазалықта сақталатын ванна бөлмелері болуы керек. Сонымен қатар, суға, жуыну заттарына (әйелдерге арналған гигиеналық төсемелерді

қоса есептегенде), тиісті киім мен төсек заттарына қолжетімдікті қамтамасыз ету керек. **[БҰҰ-ның Бангкок ережелерін де қара]**

Тамақтану және су* [22, 35, 42, 43-ереже]

Қамауға алынғандар жақсы сапалы қоректену тамағымен, сондай-ақ оларға қажет болған жағдайда ауыз сумен қамтамасыз етілуі керек. Қамауға алынғандарды тәртіптік жаза ретінде тамақтан және судан шектеуге болмайды, олар бәріне бірдей берілуі керек.

Үйқы [12-14, 42, 113-ереже]

Қамауға алынғандар камерада немесе бөлмеде қонатын болса, олардың әрқайсысы жеке камерада немесе бөлмеде орналасуы керек, ал жалпыға ортақ камера бар жерде осындай жағдайда бірге тұра алатына көз жеткізу үшін қамауға алынғандарға мұқият таңдау жасау керек. Сотталмағандарды жеке камерада орналастыру керек. Жылыту және желдету, жарық беру, қажетті жеке кеңістік бөле отырып, аулада жүруге және физикалық жаттығулар жасауға қолжетімділік ешқандай шектеусіз барлық қамауға алынғандарға берілуі керек.

Балалар* [28,29-ереже]

Түрмеде ата-анасының біреуімен қалуға рұқсат ету шешімі баланың ең жақсы мүддесіне негізделуі керек. Түрмеде ата-анасының біреуімен қалуға рұқсат етілген жерде қажетті емдеумен және жүкті әйелдер мен жаңа туғандарға күтіммен, арнайы балалардың медициналық-санитарлық қызмет көрсетумен ішкі немесе сыртқы қызметтермен қамтамасыз ету талап етіледі. Түрмедегі ата-анасының біреуімен отырған балаларға қамауға алынғандар ретінде қарауға болмайды. **[БҰҰ-ның Бангкок ережелерін де қара]**

Тәртіп және тәртіптік жаза қолдану

Ақпарат* [54,55-ереже]

Құқықтар мен міндеттер түсінігі түрме мекемесін күнделікті басқару үшін өзекті болып табылатынын Ереже мойындайды. Түрмеге қабылдаған кезде әр қамауға алынғанға түрме заңнамасына және түрме мекемесінің қолданыстағы ішкі тәртібіне, қолданылатын тәртіптік жазаларды қоса есептегенде оның құқықтары мен міндеттеріне, заңгерлік кеңестерге қолжетімділікке (сонымен бірге заңгерлік көмекке) қатысты жазбаша ақпаратты тез арада ұсыну қажет. Бұндай ақпарат түсінікті тілде және нысанда берілуі керек.

Тінтулер* [50-53,60-ереже]

Тінту рәсімдері заңдарда немесе нормативтік актілерде белгіленуі қажет, және тінту жасау туралы кез келген шешім оның қажеттілігі мен өлшемділігін ескеруі қажет. Тінту жасау тінту жасалатын тұлғаның адами абыройы мен жеке өмірінің дербес құқықтылығын қамтамасыз ету арқылы жасалуы керек, тінту қорқыту немесе үрейін алу мақсатында пайдаланылмауы керек. Интрузивті тінту өте қажет болған жағдайда тінту туралы тиісті есептер сақталуымен ғана жүргізіледі. Келушілерді тексеру рәсімдері қамауға алынғандар жағдайындағыдай ең болмағанда қорғаныш сипатындағы қағидалармен реттелуі керек және олар қамауға алынғандар болып табылмайтынын ескеру қажет.

⇨ Жалғыздықта қамау* [43-46-ереже]

Жалғыздықта қамаудың физикалық және психологиялық денсаулыққа бұзушылық әсерін ескере отырып, Ережеде оның құзіретті органнан рұқсат алғаннан кейін ғана тек аз уақытқа ең ақырғы шара ретінде ерекше жағдайларда ғана қолданылуы керек және жеке тәртіпте қарастырылады. Шектелмеген және ұзақ мерзімге жалғыздықта қамауға алуға (15 күннен астам) толығымен тыйым салынады. Белгілі топтарға қатысты, мысалы, жүкті немесе емізетін әйелдерге жеке-дара қамауға алуға тыйым салынады.

Осы Ереженің мақсаттары үшін жалғыздықта қамау дегеніміз қамауға алынғандарды 22 сағат бойы немесе бір күннен астам адамдармен мәнді байланыссыз бостандығын шектеу дегенді білдіреді. «Адамдармен мәнді байланысты» түсіндіру өзге адамдардан шектелген және олармен байланыстан айырылған кез келген адам басынан өткізетін азапты тануы керек. **[сондай-ақ, БҰҰ-ның Бангкок ережесін және БҰҰ-ның Гаванна ережесін қара]**

⇨ Тәртіптік бұзушылық* [36-43-ереже]

Ережеде тәртіптік бұзушылық туралы шағымға әрекет ету үшін қабылдануы қажет рәсімдер мен алдын алу шаралары көрсетілген. Заң немесе ережелер тәртіптік жаза дегеніміз не екендігін нақты анықтауы қажет, кез келген тәртіптік жаза бұзушылыққа сай болуы керек, ал қамауға алынғандардың өзін қорғауға мүмкіндігі болуы қажет. Тәртіптік жазаның алдын алу және қақтығыстарды реттеу үшін дауларды шешудің балама жолдарын пайдалану ұсынылады. Қамауға алынғандарға әділеттілік мүддесі талап еткен кезде, жекелегенде, тәртіпті айтарлықтай бұзушылықпен айыптаумен байланысты жағдайларда өзін өзі қорғауға немесе заңгерлік көмекті пайдаланумен қорғауға рұқсат етіледі.

Жуасыту құралдарын қолдану *

[43, 47-49-ереже]

Негізінен ар-ожданын төмендететін немесе жанға бататын болып табылатын жуасыту құралдарын қолдануға тыйым салынуы керек. Өзге жуасыту құралдарын тек келесі жағдайларда ғана қолдану қажет: заңмен рұқсат етілген жағдайда, жуасыту құралдары егер тәуекелдерді жою үшін бақылаудың едәуір жеңіл нысандары әсер етпеген жағдайда қолданылуы керек, жуасыту құралдары қажетті уақыт ішінде ғана қолданылуы керек, және тәуекелдер жойылғаннан кейін мүмкіндігінше тез арада алынуы қажет. Жуасыту құралдары қамауға алынған соттың алдына келген кезде, сондай-ақ жуасыту құралдары ешқашан әйелдердің толғағы кезінде, босану және босанғаннан кейін қолдануға болмайды.

Күш көрсету **[82-ереже]**

Түрме персоналы өзін қорғау немесе қашуға әрекет етудің алдын алудан өзге жағдайларда күш көрсетуді қолданбауы қажет. Күш көрсететін қызметкерлер қажетті шекарада қалуы керек және осындай оқыс оқиғалар туралы тез арада түрме директорына хабарлау қажет. Түрме мекемелерінің қызметкерлері тек айрықша жағдайларда ғана қару-жарақ тағынуы қажет. БҰҰ-ның стандарттары күш көрсетудің және өзіндік күш көрсетуді жазалаудың немесе бұны қылмыстың бұзушылық ретінде теріс пайдаланудың қатаң ережесін қадағалауды талап етеді. **[Құқық тәртібін ұстап тұру жөніндегі лауазымды тұлғалардың күш көрсету және атыс қаруын қолдануы жөніндегі БҰҰ-ның негізгі қағидалары қараңыз]**



Сыртқы әлеммен байланыс

Отбасы және достар [43, 58-60, 68, 70-ереже]



Қамауға алынғандарға түрме мекемелерінде өз отбасын немесе достарын қабылдауға және телефон немесе жазбаша хат алмасу арқылы хабарласуға мүмкіндік беріледі. Келушілерді шектеу тәртіптік жаза ретінде пайдаланылмауы керек, әсіресе қамауға алынған әйелдер мен олардың балаларына қатысты.

Қамауға алынғандар өзінің қамауға алынғаны, ауысуы және ауыр түрде ауырғаны немесе жарақаты туралы достарына немесе туыстарына хабарлауға құқығы бар. Егер қамауға алынғанның жақын туысы немесе жұбайы/серіктесі ауыр түрде ауырса немесе қайтыс болса, қамауға алынғанға баруға немесе жаназасына қатысуға рұқсат беру керек. Жұбайылық кездесулер рұқсат берілген жағдайда бұл құқық ешқандай дискриминациясыз қолданылуы керек. **[БҰҰ-ның Бангкок ережесі қараңыз]**

Заңды өкілдері* [41, 53, 61, 119, 120-ереже]

Қамауға алынғандарға адвокатпен кездесу үшін тиісті мүмкіндіктер, уақыт және жағдайлар ұсынылуы қажет. Қамауға алынғандардың сондай-ақ, халықаралық стандарттарға сәйкес тиімді заңгерлік көмекке қолжетімділігі болуы керек.

Қамауға алынғандарға өзінің заңгерлік құжаттарына қолжетімдігі және оларды сот өндірісінде тиісті түрде қатыса алатындай сақталуы болуы керек. **[БҰҰ-ның қылмыстық әділ сот жүйесінде заңгерлік көмекке қолжетімдігіне қатысты қағидалары мен басқарушылық ережелерін қараңыз]**

Елшіліктер [62-ереже]

Шетел азаматтарына өз елдерінің дипломатиялық және консулдық өкілдерімен байланыста болу мүмкіндігін қамтамасыз ету қажет. Бұл Ереже түрме мекемесінің жалпы тілінде сөйлесуге қабілетсіздігін, құқықтық жүйе туралы ақпарат пен білім болмауы және отбасы мүшелерімен хабарласуға қиындықтар туындауын өзіне қосатын олардың жағдайларының ерекшелігін таниды.

Күнделікті қызмет

Оқалту/Бейәлеуметтендіру бағдарламасы*

[4, 88, 89, 91-94, 96-108-ереже]

Түрме мекемелері білім алу, кәсіби дайындық және жұмыс, сондай-ақ оқалту/бейәлемуметтендіру және қайта қалпына келтіру үшін кез келген көмекті алу үшін мүмкіндік ұсынуы қажет. Түрмеге қамауға үкімнің негізгі мақсаты да осында – қоғамды қылмыскерлерден сақтау және рецидивизм жағдайларын қысқарту. Барлық осындай бағдарламалар, іс-шаралар және қызметтер жеке қажеттіліктерін ескере отырып жүзеге асырылуы қажет. Түрме мекемелері қамауға алынғандарды оқалтуда қызметкерлердің сол өзекті ролін тануы қажет.

Жұмыс* **[40, 96-103-ереже]**

Қамауға алынғандар құлдықта немесе еріксіздікте тұрмауы қажет, бірде-бір қамауға алынған түрме персоналының ішінен біреудің жеке немесе меншік пайдасы үшін жұмыс істеуге міндетті емес. Қамауға алынғанға қамтамасыз етілген жұмыс босатылғаннан кейін жұмысқа орналасуы үшін пайдалы болуы немесе сыйақы көздейтін болуы керек, сонымен қатар, қауіпсіз немесе заңды жағдайларда өткізілуі керек.

Мазмұнды қызмет [4, 23, 64-66, 105-ереже]

Мазмұнды қызметпен қамтамасыз ету түрмелерді тиімді басқаруға, сондай-ақ қамауға алынғандардың психикалық денсаулығын сақтауға және оңалтуына ықпал етеді. Әр қамауға алынған спортпен айналысуға және күн сайын ең кемінде бір сағатқа аулада физикалық жаттығулар жасауға құқығы бар. Әр түрме мекемесінің қамауға алынғандардың барлық санатына қолжетімді кітапханасы, сондай-ақ әр қамауға алынғанға өзінің діни қажеттілігін қанағаттандыруға рұқсат етілуі керек.

Оқыту [140-ереже]

Білім беру рецидивизмнің алдын алуда маңызды роль алатынын болғандықтан қамауға алынғандарға оқуы үшін мүмкіндіктерді ұсыну қажет. Оқыту елдегі қолданыстағы білім беру жүйесімен байланыстыру қажет және барлық қамауға алынғандар үшін қолжетімді болуы керек. Сауатсыз қамауға алынғандар мен жас балаларды оқытуды міндетті деп есептеу керек.

Физикалық және психикалық денсаулық

Медициналық көмекке қолжетімділік*

[24-29, 31-ереже]

Мемлекет кімнің бас бостандығынан айырса соған жауапты болғандықтан түрмеде денсаулық сақтау қызметі қоғамдағы деңгейдегідей болуы керек. Озық тәжірибеге сәйкес түрмедегі денсаулық сақтау азаматтық медициналық қызметтермен тығыз ынтымақтастықта, сонымен бірге, медициналық көмектің үздіксіз болуын қамтамасыз ету үшін ұйымдастырылуы қажет. Ережеде түрме мекемесінде қандай медициналық қызметтер, сонымен қатар ата-аналарымен бірге түрмеде отырған балалар үшін де ұсынылуы қажет екендігі нақты түсіндіріледі.



Медициналық қызметкерлердің ролі*

[25, 30-34-ереже]

Түрме мекемелерінде медициналық қызметкерлердің ролі түрме әкімшілігінің ролінен нақты түрде бөлінуі қажет. Түрме медициналық персоналына түрмеден сырт жердегідей этикалық және кәсіби стандарттар қолданылуы қажет. Оларға өз пациенттері – қамауға алынғандардың физикалық және психикалық денсаулығын бағалау, қолдау, қорғау және жақсарту міндеті жүктеледі. Бұл өзіне инфекциялық ауруларды, психотроптық заттардан тәуелділігін, психологиялық ауруларды анықтау және емдеу, стоматологиялық емдеуді қосады. Медициналық персонал тәртіптік жаза қолдану секілді түмені басқару шешімдеріне қатыспауы керек, және олардың клиникалық шешімдері түрменің медициналық емес қызметкерлерімен алынып тасталуы немесе бейжай қалдырылмауы керек. Түрменің медициналық персоналы кез келген азаптау немесе өзге де адамға нұқсан келтіретін әрекеттер белгілері туралы хабарлауға міндетті.

Қамауға алынғандар пациенттер ретінде*

[26, 32-ереже]

Қамауға алынғандар дәрігерге келген кезде олар қоғамда қандай пациент болса сондай болады. Пациенттер кез келген медициналық араласу мен зерттеулерге ақпараттандырылған келісімін беруі керек, ал олардың медициналық карталары құпия болып табылады. Мысалы, инфекциялық аурулардан персоналдарды және өзге қамауға алынғандарды қорғауда медициналық ақпараттың құпиялылығын сақтау кезінде тиісті шараларды қабылдау үшін қажетті ақпаратты ашу жолымен ғана қол жеткізіледі.

Денсаулық сақтау мәселелері бойынша кеңестер*

[35-ереже]

Құзіретті денсаулық сақтаудың мемлекеттік органы қамауға алынғандардың, сондай-ақ түрме персоналының денсаулығы мен әл-ауқатына әсер ететін мәселелер бойынша тұрақты түрде инспекцияны жүзеге асыруы және түрме мекемесінің директорына баяндауға міндетті. Мұндай мәселелер өзіне мекеме және қамауға

алынғандар тамақтануы, гигиенасы және тазалығын, санитария, жылыту, жарық беру, желдету және өзге де шарттарды қосады.

Инспекциялар және тергеулер

Инспекциялар* [83-85-ереже]

Инспекция түрме жүйесінің кез келген кәсіби және транспарантты жұмысының ажырамас бөлігі болып табылатынын тани отырып, Ереже түрме мекемелерінің орталық әкімшілігі, сондай-ақ сыртқы тәуелсіз мониторинг тарапынан ішкі бақылауды өзіне қосатын екі еселенген жүйені құруды талап етеді. Мұндай мониторинг мақсаты заңдар мен ережелерге сәйкес түрмелерді басқаруды, сондай-ақ қамауға алынғандардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Ереже инспекторлардың құзіреттерін көрсетеді және есептілік пен бақылауды нақтылайды.

Тергеулер* [57, 71-ереже]

Түрме мекемелері ресми шағым алынғанына қарамастан түрме мекемесінде азаптау актісі немесе өзге қатал, адамзатқа тән емес немесе ар-намысын таптайтын әрекеттер болуы мүмкін деген саналы негіздер бар болса, кез келген өлім жағдайы, жоғалып кету немесе ауыр дене жарақаты туралы шұғыл түрде хабарлауы керек. Бұл жағдайда түрме мекемесіне тәуелді емес және осындай жағдайлар жайын және себебін тергеу тапсырылған орган хабардар етіледі.

Түрме әкімшілігі осы органмен толық мәнде ынтымақтастықта және барлық дәлелдердің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті. Барлық әлеуетті қатысы бар тұлғалар ешқандай жағдайда тергеумен байланысты болмауы керек.

Ауыстыру және тасымалдау [26(2), 73-ереже]

Қамауға алынғандарды тасымалдау кезінде барынша деңгейде оларды сыртқы көздерден тасалау керек. Қамауға алынғанды өзге түрмеге ауыстыру кезінде медициналық картасы қабылдаушы мекеменің медициналық-санитарлық қызметіне тапсырылуы қажет.

Түрмеден босату

Мүлік [67-ереже]

Түрме мекемесіне қамауға алынғанды қабылдау кезінде оның барлық мүліктері және ақшалай қаржылары босатылған кезде қайтаруға жатады, сонымен бірге олардың жақсы жағдайда сақталуы үшін шаралар қабылдануы қажет.

Реинтеграция [88, 90-ереже]

Қамауға алынғандардың қоғамға бірте-бірте реинтеграция мүмкіндігін, яғни алдын ала босату немесе ашық түрмелер сызбасы ретінде пайдалану қажет. Сондай-ақ босатқаннан кейін сүйемелдеу және қолдау ұсынылуы қажет.

Нельсон Мандела Ережесін Күш және оқ-дәрі қаруын қолданудың негізгі қағидаларын, БҰҰ-ның қамауға алынған әйелдер қатысында Бангкок ережелерін, Ювенаиалды юстиция ережелерін, БҰҰ-ның түрмеге қамауға алынғандармен байланысты емес шаралар туралы Токио ережелерін, және БҰҰ-ның құқық тәртібін қолдау жөніндегі лауазымды тұлғалар әрекеті кодексін қоса есептегенде, бірақ олармен шектелмей БҰҰ-ның қолданыстағы өзге де стандарттарымен бірге оқу қажет.

Енді не істеу қажет?

Түрме стандарттарын қайта қарау күрделі мәселе болып табылады. Барлық 122 ережені толық көлемде іске асыру уақыт пен ресурстарды қажет етеді, бірақ дұрыс басқару кезінде, адам құқығын құрметтеуді оқыту және мәдениеті болған кезде Нельсон Мандела Ережесінің көбісін мәнді шығынсыз қолданысқа енгізілуі мүмкін.

PRI әр түрлі саяси және әлеуметтік реалиялармен және ерекшеліктермен әр түрлі өңірлерде және елдерде жұмыс жасайды. Біз әр түрлі ұлттық ерекшеліктерін ескереміз және өз жұмысымызды тиісінше бейімдейміз. Біздің тұрғы гендерлік және мәдени ерекшеліктерді ескереді.

Біз қылмыстық әділеттік және ұлттық, өңірлік және халықаралық деңгейде түрме жүйесін реформалау саласында 25 жылдық тәжірибеміз бар. Біздің тәуелсіздігіміз және мамандандырылған тәжірибеміз Нельсон Мандела Ережесін енгізумен жұмыс жасай бастаған үкімет үшін де азаматтық қоғам ұйымы үшін де бағалы серіктестік ретінде көрсетеді.

PRI жұмысы өзіне жарияланым, семинарлар, тренингтер және іс-шаралар көмегімен Ережені іске асыруға қатысушы мүдделі тараптаға ұсыныстар мен көмек ұсынуды қосады. **www.penalreform.org** веб-сайтымызды көріңіздер, онда:

- Нельсон Мандела Ережесінің көшірмесін алуға (бірнеше тілдерде қолжетімді).
- Нельсон Мандела Ережелері туралы екі минуттық анимация көруге.
- Енгізу жөніндегі нұсқаулықпен танысуға.
- Өзге ақпарат пен ресурстарды зерделеуге болады.



Халықаралық түрме реформасы туралы

Халықаралық түрме реформасы (PRI) – жалпыға бірдей адам құқығын қолдайтын және залал келтірмейтін қылмыстық сот төрелігінің жүйесін ілгерілету бойынша барлық әлемде жұмыс істейтін үкіметтік емес ұйым. Біз қылмыстық сот төрелігі жүйесін кемсітушіліксіз жасауға және қолайсыз жағдайдағы адамдар құқығын қорғау бойынша жұмыс жасаймыз. Біз адам құқығы саласындағы тәжірибелік бағдарламаларды жүзеге асырамыз және қылмыстық сот төрелігін әділ және тиімді ететін реформаларды қолдаймыз.

Нидерландыда тіркелген (тіркеу нөмірі 40025979), PRI бірнеше орындарда офистерімен барлық әлем бойынша жұмыс істейді.

www.penalreform.org

PENAL REFORM INTERNATIONAL

FAIR AND EFFECTIVE CRIMINAL JUSTICE

Penal Reform International
(Халықаралық түрме реформасы)
Басты офис

The Green House
244-254 Cambridge Heath Road
Лондон E2 9DA
Ұлыбритания

The Hague Humanity Hub
Fluwelen Burgwal 58
2511 CJ Den Haag
Нидерланд

info@penalreform.org

@PenalReformInt
@Penalreforminternational

Орталық Азиядағы Penal Reform International Аймақтық өкілдігі

Сығанақ көшесі, 29
Астана
Қазақстан

info@penalreform.org

Таяу Шығыс пен Солтүстік Penal Reform International Аймақтық өкілдігі

22 Amro Bin Dinar
Amman
Иордания

priamman@penalreform.org

Оңтүстік Кавказдағы Penal Reform International Аймақтық өкілдігі

prisouthcaucasus@penalreform.org

Суб-Сахаралық Африкадағы Penal Reform International Аймақтық өкілдігі

Plot 4999, Kironde Road, Muyenga
Кампала
P.O. Box 11455
Уганда

africa@penalreform.org

WWW.PENALREFORM.ORG